

Туристік саланы дамытудың бірінші кезектегі шаралары туралы

Күші жойғал

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 29 желтоқсан N 1947 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 26 маусымдағы № 651 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.06.26 № 651 Қаулысымен.

Ел экономикасының басым секторы ретінде туристік саланы дамытудың бірінші кезектегі шараларын қамтамасыз ету, туризм саласындағы шағын кәсіпкерлікке мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі:

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен, Ішкі істер министрлігімен, Мемлекеттік кіріс министрлігімен, Туризм және спорт жөніндегі агенттігімен, Ұлттық қауіпсіздік комитетімен (келісім бойынша) бірлесіп, экономикалық және саяси жағынан тұрақты елдерден келетін туристерге виза рәсімдерін оңтайландыру, оның ішінде туристік визаларды ресімдеу мерзімдерін қысқарту жөніндегі және кедендік рәсімдерді оңайлату жөніндегі шараларды қабылдасын, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп, 2001 жылдың 1 наурызына дейін Қазақстан Республикасының туристік визасының құнын төмендету туралы ұсыныстар енгізісін, Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің ұсынысы бойынша мерейтойларды, тарихи атаулы күндерді дайындау мен өткізу жөніндегі іс-шараларға халықаралық туристік ұйымдардың, елдің туристік жұртшылығының және туризм жөніндегі мемлекеттік уәкілетті органдардың қ а т ы с у ы н к ө з д е с і н .

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі:

облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен, Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігімен бірлесіп, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің келісімі бойынша шет елдік туристерді қабылдау үшін тиісті жағдайы бар және шет елдік азаматтардың төлқұжатын тіркеу үшін техникалық жарактандырылған қонақ үйлердің тізбесін анықтасын және оларға шетелдік туристерді тіркеу құқығын беру туралы мә с е л е н і қ а р а с т ы р с ы н ;

рұқсат жазбаны ресімдеу рәсімін кезең-кезеңімен (2000 жылдың 1 шілдесіне дейін) жоя отырып, Қазақстан Республикасы азаматтарының шет елге шығуы

тәртібін ретке келтірсін;

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетімен, Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігімен және Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігімен келісе отырып, Қазақстан аумағында туристік бағыттар бойынша туристік автокөліктің кедергісіз жүруін қамтамасыз ететін арнайы рұқсаттама берудің мүмкіндігін з е р д е л е с і н .

3. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі белгіленген тәртіппен халықаралық туристік іс-шараларға, оның ішінде халықаралық көрмелерге және туристік жәрмеңкелерге туристік ұйымдар өкілдерінің қатысуы жөнінде ұсыныстар енгізсін.

4

ЕСКЕРТУ. 4-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2001.05.24. N 708 қаулысымен. P 0 1 0 7 0 8 _

5. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі: облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдерімен басқа да мүдделі ведомстволармен бірлесіп, шетелдік туристер келетін және шығатын жерлерде кешенді сервистік қызмет көрсетілуін қамтамасыз ету жөніндегі қажетті шаралар қабылдасын;

Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігімен бірлесіп, ішкі және халықаралық рейстер мен бағыттарға туристік топтар үшін көлік қызметінің қолданылып жүрген тарифтеріне шегерімдер қолдану мүмкіндігін қарастырсын; ірі туристік объектілерге алып баратын автомобиль жолдарын республикалық маңызы бар жолдар тізбесіне енгізу мәселесін қарастырсын.

6. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігімен бірлесіп, бұқаралық ақпарат құралдарында туризмді экономиканың басым секторы ретінде насихаттауды қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі:

2001 жылдың 31 қаңтарына дейін ұлттық табиғи саябақтардағы туристік бағыттардың сызбаларын Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігімен келіссін;

мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп, туристік ұйымдар үшін шетелдік туристерге саятшылық пен балық аулауды жүргізуге қолайлы бағалар бойынша лицензиялар квотасын белгілесін.

8

Ескерту. 8-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2001.11.26. N 1514

9. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Инвестициялар жөніндегі комитеті туризм объектілеріне тікелей инвестициялар тарту жөніндегі жұмысты жүргізсін.

10. Қазақстан Республикасының Статистика жөніндегі агенттігі Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігімен және басқа да мүдделі ұйымдармен бірлесіп, халықаралық тәжірибеге сәйкес туристік саланың статистикасын жетілдіру жөнінде практикалық шараларды қабылдасын.

11. Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті белгіленген тәртіппен туристік бағыттарды міндетті сертификаттауға жататын қызмет көрсетулер номенклатурасына енгізу туралы ұсыныс енгізсін.

12. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері шетелдік туристерді қабылдау мен оларға қызмет көрсету және ішкі туризмді ұйымдастыру жөніндегі туристік қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлерді, оларға пайдаланылмай тұрған демалыс үйлерін, балалар және жастар

лагерьлерін, пансионаттар мен басқа да үй-жайларды туристік мақсаттарға пайдалануы үшін белгіленген тәртіппен ұзақ мерзімді жалға беру жөніндегі шараларды қоса алғанда, қолдау шараларын қабылдасын, бұл ретте жергілікті атқарушы органдардың шарттық қатынастарды мерзімінен бұрын бұзған жағдайда олардың кәсіпкерлерге шығындарды өтеуі жөніндегі жауапкершілігі көзделетін болсын.

13. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Мамандар:
Қобдалиева Н.М.
Орынбекова Д.К.

